

# ТАҚЫРЫП 3. КӘСПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫСЫ

Орындаған: МА - 21 тобы

# ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

1. АЙНАЛЫМ  
ҚАРЖЫСЫ ТУРАЛЫ  
ТҮСІНІК

2. АЙНАЛЫМ  
ҚАРЖЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ

3. АЙНАЛЫМ  
ҚАРЖЫНЫ  
ПАЙДАЛАНУ  
ТИІМДІЛІГІН  
СИПАТТАЙТЫН  
КӨРСЕТКІШТЕР

4. АЙНАЛЫМ  
КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ

5. ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ  
МОДЕЛЬДЕРІ

# 1. АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

**Айналым қаржысы** – бұл ақшалай формада айқындалатын айналым қорлары мен айналыс қорларының жиынтығы. Айналым қорлары өндіріс процесіне қатысса, айналыс қорлары айналыс өрісінде қолданылады.

**Айналым қорлары** – бір цикл ішінде толығымен тұтынылатын еңбек заттары. Айналым қорлары өз құнын дайын өнімге бірден түсіреді және өзінің натуралдық заттық формасын өзгертеді.

# АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ:

## Айналым қаржысы

Айналым қорлары			Айналыс қорлары		
Өндірістік қорлар	Аяқталмаған өндіріс	Болашақ мерзімнің шығындары	Дайын өнім	Жіберілген, бірақ әлі төленбеген өнім	Қосымша қорлар
Шикізат, материалдар, запас бөлшектер және с.с	Жұмыс орындарында қалған өндіріс процестегі еңбек заттары	Жаңа өнімдерді құрастыруға, ғылыми-зерттеу, тәжірибе жұмыстарға арналған шығындар, болашақ мерзім өзіндік құнына кіреді.	Тексеруден өткен және қоймада орналасқан дайын өнім	Кәсіпорын есеп шотына төлемі әлі түспеген, бірақ жөнелтілген өнім	Кассадағы ақша, есеп шоттағы ақша, дебиторлық қарыздылық және т.с.с

Айналым қорлары  
үздіксіз қозғалыста  
болып үш кезеңнен  
өту қажет

өндірістік

тауарлық

ақшалай

Айналым қаржысы екі бөліктен тұрады:

Тұрақты айналым капиталы

Бүкіл операциялық цикл ішінде олардағы қажеттілік мөлшері салыстырмалы тұрғыдан тұрақты болатын ағымдағы активтер

Өзгермелі айналымы капитал

Операциялық циклдың ең шиеленісті кезеңдерінде олардағы қажеттілік пайда болатын ағымдағы активтер бөлігі

# ТАЗА АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ

Таза айналым капиталы — ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер арасындағы айырмаға тең болатын көрсеткіш. Оның жетіспеушілігі компанияның жоюылуына әкелу мүмкін. Бұл көрсеткіштің деңгейі компания қызметінің тәуекелділігімен және рентабельділігімен тығыз байланыста болады. Активтер мен пассивтер арасындағы ара-қатысқа байланысты ағымдағы активтерді қаржыландырудың төрт стратегиясын көрсетуге болады:

- идеальды,
- консервативты,
- агрессивты,
- компромисты.

Таза түрде ешқандай стратегияны қолдануға болмайды. Қорларға басқару саясатын оңтайландырғанда келесі есебке алынады:

- тапсырыс жасалғанда қолданылатын қор деңгейі;
- қорлардың минимальды мүмкін деңгейі (сақтық қор);
- тапсырыстың оңтайлы партиясы.



## 2. АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ

### 1. Өзіндік АҚ:

- айналым капиталы - меншік иелерінің қаржысы
- пайда — негізгі көзі;
- тұрақты пассивтер (өзіндік капиталға теңестірілген қаржы):
  - еңбек ақы бойынша қарыз;
  - бюджет бойынша қарыз;
  - ыдыс бойынша қарыз;
  - алдын ала төленген қаржы.

$$УП_{з/пл} = \frac{\Phi ЗП_{мес}}{30} \cdot 15$$

### 2. Келтірілген қаржы:

- қарызды (несиелер);
- мемлекеттік несие;
- басқа (мақсаты бойынша пайдаланбағана қорлар мен резервтердің қалдықтары).



# АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫНЫ НОРМАЛАУ

- АҚ нормалау – айналым қорларының минимальды қажет, экономикалық тұрғыдан дәлелденген деңгейін анықтау процесі. Норма көбінесе күндермен есептелінеді
- АҚ нормативі— кәсіпорын жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ететін ақшаның минимальды сомасы.
- АҚ нормасы келесі формула бойынша анықталады (Нақ):
- $$N_{a.oc} = T_{aғ} + C_{тр} + T_{ран} + T_{ехн} + P_p$$
- $T_{aғ}$  — ағымдағы қор (ең үлкен үлес алатын қор);
- $C_{тр}$  — сақтық қор;
- $T_{ран}$  — транспорттық қор;
- $T_{ехн}$  — технологиялық қор;
- $P_p$  — қабылдау уақыты.

Ағымдағы қор:

$$T_{\text{ек}} = \frac{\sum c_{\text{п}} \cdot И}{\sum c_{\text{п}}} : 2$$

мұндағы  $c_{\text{п}}$  — жеткізу құны;  $И$  — жеткізулер арасындағы уақыт интервалы

Сақтық қор:

$$C_{\text{тр}} = \frac{T_{\text{ек}}}{2}$$

**Транспорттық қор** жүк айналымы мерзімдерінің (тауарды жабдықтаушыдан сатып алушыға дейін жеткізу уақыты) құжат айналымы мерзімдерінен асуын сипаттайды.

**Технологиялық қор** — материалдарды өндіріске даярлау уақыты.

АҚ нормативы келесі түрде табылады:

$$H_{\text{ақ}} = P * H_{\text{а.ос}}$$

мұндағы  $P$  — АҚ орташа күндік шығыны;  $H_{\text{а.ос}}$  — АҚ нормасы. Келесі формуланы да қолдануға болады

$$H_{\text{эл.ос}} = \frac{B}{T} \cdot H_{\text{а.ос}}$$

мұндағы  $B$  — мерзім ішінде АҚ элементі бойынша шығын (шығару) көлемі (теңге);  $T$  — мерзім ұзақтығы

(түңг);  $H_{\text{а.ос}}$  — АҚ нормасы бойынша нормасы (түңг)

# АЯҚТАЛМАҒАН ӨНДІРІС БОЙЫНША АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫСЫНЫҢ НОРМАТИВЫ

$$H_{\text{кп}} = \frac{B}{T} \cdot \Pi_{\text{ц}} \cdot K$$

Мұндағы  $\Pi_{\text{ц}}$  — өндірістік цикл ұзақтығы;  $K$  — шығындардың өсім коэффициенті, біркелкі өсу жағдайында ол келесі формула бойынша табылады:

$$K = \frac{\Phi_e + 0,5\Phi_n}{\Phi_e + \Phi_n} = \frac{1}{2} \left( \frac{\Phi_e}{C/C} + 1 \right)$$

■ мұндағы  $\Phi_e$  — біруақыттық шығындар;  $\Phi_n$  — өсіп жатқан шығындар;  $C/C$  — өзіндік құн. Біркелкі емес өсу жағдайында

$$K = C/\Pi$$

мұндағы  $C$  — бұйымның аяқталмаған өндірістегі орташа құны;  $\Pi$  — бұйымның өндірістік өзіндік құны

$N_{н.з.} = \text{күндік шығын} * \text{өндірістік цикл ұзақтығы} * K_{н.з.}$

$$K_{н.з.} = \frac{M + C}{2C}$$

$K$  – шығыны өсімі коэффициенті,  $M$  – өнім өзіндік құнындағы материалдық шығындар,  $C$  – өнімнің өзіндік құны.

$$K_{н.з.} = \frac{M + \frac{C - M}{2}}{C} = \frac{M + 0,5(C - M)}{C}$$

■ Болашақ мерзімдер шығындарының нормативы

$$N_{бп} = П + Р - С$$

мұндағы  $П$  — болашақ мерзімдер шығындарының жоспарлы жылдың басына өтетін сомасы;  $Р$  — сметалар бойынша көзделген келесі жылдың болашақ мерзім шығындары;  $С$  — келесі жылдың өнімінің өзіндік құнына қосылатын болашақ мерзім шығындары.

Сондай-ақ келесі формула қолданылады:

$$H_{б.п.} = \frac{\alpha_{б.п.}}{100} \cdot C_{т.п.}$$

мұндағы  $\alpha_{б.п.}$  – болашақ өнім өзіндік құнында болашақ мерзім шығындарының алатын үлесі;

$C_{т.п.}$  – болашақ мерзімнің тауарлық өнімінің өзіндік құны.

Дайын өнім нормативы

$$H_{г.п.} = d_{г.п.} \cdot T_c$$

### 3. АЙНАЛЫМ ҚАРЖЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН СИПАТТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕР

1. Бір айналым ұзақтығы ( $D_0$ )

$$D_0 = \frac{C_0 \cdot T_{\text{пер}}}{V_{\text{реал}}}$$

мұндағы  $C_0$  — мерзім ішінде АҚ қалдықтары;  $T_{\text{пер}}$  — мерзімдегі күндердің саны;  $V_{\text{реал}}$  — өткізілген өнім көлемі

2. Айналымдылық коэффициенті белгілі бір мерзім ішінде АҚ жасаған айналым саны

$$K_0 = \frac{V_{\text{реал}}}{C_0}$$

3. АҚ тиеу коэффициенті, өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы АҚ сомасын көрсетеді

$$K_э = \frac{C_0}{V_{\text{реал}}}$$

Айналымдылықты өсірудің нәтижесінде АҚ белгілі бір сомасы үнемделеді.

## АБСОЛЮТТИ ҮНЕМ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙДА БОЛАДЫ

$$C_{o.факт} < C_{o.план}, \quad V_{реал} = const$$

мұндағы  $C_{o.факт}$  — АҚ іс жүзіндегі қалдықтары;  $C_{o.план}$  — жоспарлы көлемі;  
 $V_{реал}$  — өткізу көлемі. Абсолютті үнем келесі формула бойынша анықталады

$$AB = C_{o.факт} - C_{o.план}$$

АҚ салыстырмалы үнемі айналымдылықты өндіріс көлемін өсіру арқылы пайда болады



## 4. АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ

Қорларға  
оңтайлы  
басқару  
жүргізу  
үшін  
мыналар  
қажет:

жоспарлы мерзімге шикізаттағы жалпы қажеттілікті анықтау;

шикізатқа тапсырыс берудің оңтайлы партиясын және тапсырыс жасау мерзімін мерзім сайын түзетіп тұру;

шикізатқа тапсырыс беруге және оны сақтауға кеткен шығындарды мерзім сайын түзету және салыстырып тұру

қорларды сақтау жағдайларын бақылап тұру

жақсы есеп жүргізу жүйесін қолдану;

ҚОРЛАРҒА ТАЛДАУ  
ЖАСАУ ҮШІН  
АЙНАЛЫМДЫЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРІ  
ЖӘНЕ ФАКТОРЛЫҚ  
МОДЕЛЬДЕР  
ҚОЛДАНЫЛАДЫ.  
АЯҚТАЛМАҒАН  
ӨНДІРІСКЕ  
ОҢТАЙЛЫ БАСҚАРУ  
ЖҮРГІЗГЕНДЕ  
КЕЛЕСІ ФАКТОРЛАР  
ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ:

Аяқталмаған өндіріс көлемі өндіріс ерекшелігіне және көлеміне тәуелді болады;

Тұрақты қайталанатын өндірістік процестер үшін айналымдылықтың стандартты көрсеткіштерін қолдануға болады;

Аяқталмаған өндіріс өзіндік құны үш бөліктен тұрады:

а) шикізат пен материалдардың тура шығындарынан;

б) тірі еңбек шығындарынан;

в) үстеме шығындарының бір бөлігінен.

ДАЙЫН  
ӨНІМГЕ  
ОҢТАЙЛЫ  
БАСҚАРУ  
ЖҮРГІЗУ ҮШІН  
КЕЛЕСІ  
ФАКТОРЛАРДЫ  
ЕСЕБКЕ АЛУ  
КЕРЕК:

- өндірістік цикл аяғы жақындаған сайын дайын өнім өсе береді;
- ажиотажды сұраныстың болу мүмкіндігі;
- маусымды тербелістер;
- жатып қалған және сұранысы аз тауарлар.

Жиһазға қаржы салу екі түрлі тәуекелмен байланысты болады:

- а) бағалардың өзгеруі;
- б) моральды және табиғи тозуы.

# «ДӘЛ УАҚЫТЫНДА» ЖЕТКІЗУ ЖҮЙЕСІ (JUST-IN TIME) КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙДА ТИІМДІ БОЛАДЫ:

- ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі жақсы ұйымдастырылған болса;
- жабдықтаушылардың сапаны және жеткізуді бақылаудың жақсы жүйелері бар болса;
- компанияда қорларды басқарудың жақсы ұйымдастырылған жүйесі болса.

Сатып алушылармен тиімді қарым-қатынас жасау жүйесі келесіні көздейді:

- несие беруге болатын клиенттерді сапалы түрде таңдау;
- оңтайлы несие беру шарттарын анықтау;
- арызды берудің нақты процедурасы;
- клиенттердің келісім шартты орындауын бақылау жүйесі.

# ӘКІМШІЛІК ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІ КЕЛІСІНІ КӨЗДЕЙДІ:

- дебиторларға барлық сұрақтар бойынша мерзім сайын мониторинг жүргізу;
- жұмыстарды аяқтау, өнімді жіберу, төлем қағаздарын беру арасындағы уақыт интервалдарын ең аз етіп жасау;
- төлем құжаттарын қажет мекен-жайларға жіберу;
- клиенттердің төлем жасау жөнінде сұрауларын тыңғылықты қарастыру;
- есеп-айырысу және төлемді алудың нақты процедурасын анықтау.

Ақшаның және оған эквивалентті қаржының көлемі үш фактормен анықталады: ағымдылықпен (ағымдағы операцияларды қамтамасыз ету), алдын-ала сақтану (кенет пайда болатын төлемдерді жабу үшін), алып-сатарлық (кенет пайда болған тиімді жобаға қатысу үшін). Ақшаны тиімді басқару үшін банкілермен қарым-қатынастарды жақсарту қажет. Ақшаның айналымнан алу уақыты деп аталатын қаржы циклы, қаржы менеджментінің аса маңызды сипаттамасы болып табылады. Ақша қозғалысын талдау арқылы ақша ағынының сальдосын ағымдағы, инвестициялық, қаржы және басқа операция нәтижесінде анықтауға мүмкіндік береді. Ақша ағынын болжау үшін келесі көрсеткіштерге баға беру керек: өткізу көлемі, табыстың ақшалай үлесі, дебиторлық және кредиторлық қарыздылық, ақша шығындарының көлемі және т.б.

## 5. ҚОРЛАРДЫ БАСҚАРУ МОДЕЛЬДЕРІ

Басшылар келесі сұрақтарға жауап беруге тиіс:

а) ақшаның және оның эквиваленттерінің жалпы көлемі қандай болу керек?

б) олардың қай бөлігі есеп шотында, қай бөлігі тез өткізілетін бағалы қағаздарға аударылу тиіс?


в) қашан және қандай көлемде ақша мен тез өткізілетін активтер арасында өзара трансформация жасалыну керек



Батыста ең кең таралған модельдерге Баумол моделі және Миллер — Опп моделі жатады. Біріншісі В. Баумол (W. Baumol) 1952 жылы, ал екіншісін — М. Миллер (M. Miller) және Д. Опп (D. Orr) 1966 жылы құрастырды. Бұл модельдерді отандық экономикаға енгізуге келесі факторлар кедергі болып жатыр: инфляция, пайыздық ставкалардың үлкен болуы, бағалы қағаздар нарығының нашар дамуы және т.с.с.

# БАУМОЛ МОДЕЛІ

Остаток средств  
на расчетном счете



Сур. 1. Баумол моделі бойынша ақшаның өзгеру  
графикі

Кәсіпорын мақсатқа сай және оңтайлы ақша қорымен жұмыс істей бастайды да оны біртіндеп шығындайды. Тауар өткізуден түсетін ақшаны кәсіпорын толығымен қысқамерзімді бағалы қағаздарға салады. Ақшаның қоры біткеннен кейін, яғни нольге немесе алдын ала белгіленген қауіпсіздік нүктесіне тең болғанда кәсіпорын бағалы қағаздардың бөлігін сатып қайтадан бастапқы ақша көлемін қамтамасыз етеді. Сонымен, ақша динамикасы “ара” тәріздес графикке ұқсайды (сур 1).

Толтыру сомасы ( $Q$ ) келесі формула бойынша анықталады

$$Q = \sqrt{\frac{2Vc}{r}}$$

Сонымен, ақшаның орташа қоры  $Q/2$  тең, ал бағалы қағаздарды ақшаға айналдыру келісімдерінің жалпы саны ( $k$ ) былай табылады:

$$k = V:Q$$

- Ақшаны басқарудың бұл саясатын іске асырудың жалпы шығындары ( $OP$ ) былай табылады:

$$OP = ck + r \frac{Q}{2}$$


Бұл формуладағы бірінші қосылғыш тура шығындар болса, екіншісі ақшаны бағалы қағаздарға салудың орнына оны есеп шотқа салу нәтижесінде болатын ұтылыс мөлшері.

# МИЛЛЕР — ОРР МОДЕЛІ

Баумол моделі көбінесе, ақша шығындары тұрақты және болжанатын кәсіпорындарда қолдануға болады. Іс жүзінде ондай кәсіпорындар сирек кездеседі, есеп шоттағы ақша кездейсоқ түрде өзгеру мүмкін, және шамамен үлкен тербелістер жасауы мүмкін.

Миллер және Орр құрастырған моделі қарапайым және іс жүзіне сай деп айтуға болады. Ол келесі сұраққа жауап беруге мүмкіндік жасайды: егер ақшаның кірісін және шығысын дәл болжауға болмаса, кәсіпорын ақшаны қалай басқара алады? Миллер және Орр модель құрастырғанда Бернулли процесін қолданды — бұл стохастикалық процесс, мұнда мерзімнен келесі мерзімге ақшаның түсімі және шығыны тәуелсіз кездейсоқ оқиғалар ретінде саналады.

Қаржы менеджерінің іс-әрекеттері сурет 2-де көрсетілген. Ақшаның шоттағы қалдығы кездейсоқ тұрғыда өзгереді, бірақ егер оның мөлшері белгілі бір жоғарғы шекке жеткен кезде кәсіпорын ақшаны қалыпты мөлшерге жеткізу үшін (қайту нүктесі) сәйкес көлемде бағалы қағаздар сатып алады. Егер ақша көлемі төменгі шекке жетсе, кәсіпорын сәйкес көлемде бағалы қағаздарды сатады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!